

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**

Әлімбай ӘБДІРАХМАН,

Құрманғазы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі басшысы,

СӨЗ ЖОҚ, ТЕКТІ ТҰЛПАР ЕДІ...

Ол кез 1976-77 жылдардың шамасы-ау деймін, әйтеуір 6-7 сыныпта оқитын шақтарымның бірі. Жанұямыз газет-жорналдарға молынан жазылатын да, олар бөтенге бауына тігіліп, сап түзеп, самсап, жарға ілініп тұратын. «Жұлдыз», «Жалын», «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан...» — деп басы басталатын... мұғалімі, ... мектебі, ... пионері, ... әйелдері газет-журналдары, «Балдырған», бір шетінде ұзындығы — үш қарыс болып, демін басып «Лениншіл жас» тұратын. Оның екі жағына, екі інісіндей, көлемі аналарға қарағанда шағындау, аудандық үнпарақ — «Ленин жолы» мен «Спорт» газеттері жайғасатын. Көп жыл қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген әкейдің тәртібі қатал: «Оқып болған соң бетін жыртпай, кері өз орнына ілуің керек!» Сол заманның интернеті еді ау...

... Бірде сол «Жалынға» Рахымжан ағаның «Киіктер» деген тамаша өлеңі басылды. Екінші бетінде ақын Абзал Бөкеновтың өлеңдерімен қоса оның шағын суреті беріліпті. Рахымжан ағаның суреті жоқ, тек: «Орал қаласындағы Пушкин атындағы педагогикалық институтта оқиды» деген бір ауыз сөз оның фамилиясының астына, ұсақ әріппен жазылған. Өлеңді сол күні де, келесі күні де сан мәрте оқыдым. Ұнады. Несімен? Жұп-жұмыр ұйқастарымен! Айтар ойы тайға таңба басқандай айқын, қарапайым тілмен жазылған — әдемі өлең. Дәлірек айтсам, менің жүрегімді баурап алған өлеңнің айтар идеясы.

Кең жазира даланы мекендеп, емін-еркін өмір сүретін, шапса жылдамдығы желден де

бетер, киіктерді әдемі суреттей келе, «..Тағына оны балама, жанары неткен түп-тұнық! Алдыңды туған далада, Кестірмей жүрүм-мықтылық!» — деп өлеңін аяқтапты. (Тасталған ұран емес пе?!). Бала жүрегімде қалып қойған да осы соңғы шумақтың соңғы екі жолы. ...Жануарым ай?! Жолын кеспек болып жүйіткіген машинамен жарысып, артына түйдек-түйдек шаң қалдырып, техника болса да оған алдын кестірмейтін, кес-кестегенді есте ұнатпайтын дала жануарының осы қасиетін Рахымжан аға дәп басып суреттепті.

Менің студенттік шағым - 1980-85 жылдарда, қып-қызыл комсомол жұмыстарының белсенді жүргізілген кезі еді. Жастар арасындағы түрлі бастамаларды зерделеу мақсатында анкеталар үлестіріп, сауалнамалар жүргізілетін. Әлі есімде, «Сіз нені символ тұтасыз?» деген сұраққа «Киіктерді», — деп жауап жазған едім. Рахымжан ағаның сол өлеңін оқығаннан кейін бастап, отыз жасыма дейін киіктер менің символым болып, кеудемнен орын алды.

Сөйтіп, қазақтың белгілі жазушысы және айтулы драматургі Р.Отарбаев ағамен алғаш рет «Киіктерді» жазған ақын ретінде, «заочно», «Жалын» альманағы арқылы танысқам.

Одан кейін ағаның жазған өлеңдерін кездестірмеппін. Ал, прозалық шығармаларын түгелдей оқыдым, таныспын. Алғашында ол кісіні Оралдың тумасы деп ойлағанмын, қуанышқа орай қателесіппін, біздің ауданда дүниеге келген екен. Оған қуандым, кеудемді мақтаныш сезімі кернеді. Ағаға ренжігенім: «Киіктер» деген идеясы ғаламат, әдемі өлең



Р.Отарбаев апасы Бақыт, жеңгесі Рахимамен бірге



Р.Отарбаев, Өмірхан Алтай және Сүлеймен Шатханмен бірге, Мюнхень

жазып, маған символ тауып беріп, өзі өлең жазуды қойып кеткені. 1978 жылы біздің жанұя әкейдің қызмет бабына байланысты Орлы ауылына көшіп барған едік.

1980 жылдың жазында ғой... Рахымжан ағаның Орлы селолық мектебіне бас сұққаны көз алдымда. Бұл болашақта қазақ прозасының ірі тұлғасы атанар Рахымжан ағаны ең алғашқы рет жақыннан жүзбежүз көруім еді...

Елге, туған жеріне жиі атбасын бұратын. Тілдік қоры өте бай, сөзбен сурет салатын сөз зергері, ерекше сөз саптауы бар, «жұртым, халқым» деп жүрегі елжіреп

тұратын Рахымжан ағаның фәниден бақилыққа өткені құрманғазылықтар үшін ауыр қайғы. Ұлт әдебиетіне әлі де тамаша туындылар сыйлар дер шағында, бауырын жазып шабар тұсында ғұмыры кілт үзілді. Қазақ әдебиеті деп аталатын ұлы өлкеде, ұлы далада өз тұстастары ішінде алдына қара салмай, артына шығармаларынан бұйра-бұйра шаң қалдырып, Рахымжан аға киікше ағып өтті. Ор болып қалушы еді шапқанда ізі. Қайда асықты екен? Әлде анау жаққа да жақсы адам қажет болды ма? Жаныңыз жәннатта болсын, текті тұлпар.

60 жас мерейтойы қарсаңында қонақта туған жері Ганюшкенде «Рахымжан» көлінің жағасында, 2016 жыл



Аудан ақсақалдарының ортасында